



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

31.08.2021 ж.

Елтай ауылы

№ 282

село Елтай

### 2021 - 2022 оқу жылының басталуы және оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы

Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 202 бұйрығын негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің 2021-2022 жылындағы оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда төмендегі құжаттар басшылыққа алынып, орындалсын:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

4) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын»

6) Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты;

7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

8) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі, орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары);

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен бекітілген негізгі білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары);

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары);

12) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығымен бекітілген «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» әдістемелік ұсыным.

13) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368, облыстық білім басқармасының 2021 жылғы 25 тамыздағы № 239 «Орта білім беру ұйымдарында 2021 – 2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезендерін айқындау» туралы бұйрығы.

14) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту

2. 2021– 2022 оқу жылының басталуы болып белгіленген 1 қыркүйек күні 1 сыныпта ашық алаңда офлайн форматта, 2-11 сыныптарда оқу кабинеттерінде білім күніне арналған сынып сағаттары өткізілсін.

3. 2021 - 2022 оқу жылында пәндер бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарын жасақтауда төмендегі каникул күндері басшылыққа алынсын. Оқу жылының ұзақтығы МАД, 1 – сыныптарда 33 апта, 2 -11 – сыныптарда 34 апта, 1-11 сыныптарда күзгі каникул 7 күн (2021 жылғы 1 -7 қараша аралығы), қысқы каникул 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығы), көктемгі каникул 12 күн (2021 жылғы 19 – 30 наурыз аралығы), МАД, 1 – сыныптарда қосымша каникул 7 күн (7-13 ақпан аралығы).

4. Мектептің 2021 – 2022 оқу жылына арналған білім сапасын көтерудің іс – шаралар жоспары бекітілсін. (№ 1 қосымша)

5. Төмендегі құрамда білім сапасын көтеруге арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыратын жұмысшы тобы құрылсын. (№ 2 қосымша)

6. 2021-2022 оқу жылында сабақтың басталуы I ауысымда сағат 800-де, II ауысымда сағат 1400 болып бекітілсін.

7. Сабақтың ұзақтығы 45 минут, I, II ауысымдарда үзілістер 1- сабақтан кейін 5 минут, 2- сабақтан кейін 15 минут, 3 - сабақтан кейін 5 минут, 4- сабақтан кейін 15 минут, 5- сабақтан кейін 5 минут, 6 - сабақтан кейін 5 минут болып белгіленсін.

8. 2021 – 2022 оқу жылына арналған сабақ кестесі бекітілсін. (№3 қосымша)

9. 1- сыныптарда оқу сабақтарының «сатылы» режимі қолданылсын, оқу сабақтарының ұзақтығы қыркүйекте 35 минуттан, қазан айынан бастап 45 минутқа жоспарлансын.

10. Төмендегі құрамда сынып жетекшілері тағайындалсын. (№ 4 қосымша)

11. Төмендегі мұғалімдер кабинет жетекшілері болып тағайындалсын. (№ 5 қосымша)

12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Ж.Турымбетоваға, директордың әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары Ж.Науановаға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Чуйншқалиеваға міндеттелсін.

Мектеп директоры.



С.Ешмуханбетов